

## **Алтай ауданы Тұрғысын ауылдық округінің Тұрғысын ауылының көшелерін қайта атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Тұрғысын ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 6998 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 -тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес, Тұрғысын ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Тұрғысын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ:**

1. Алтай ауданы Тұрғысын ауылдық округінің Тұрғысын ауылының көшелері қайта аталсын:

- 1) Безымянная көшесі Павел Кольцов көшесіне;
- 2) Заводская көшесі Талғат Бигельдинов көшесіне;
- 3) Первомайская көшесі Абай көшесіне.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының Тұрғысын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімін мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Алтай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберу;

3) ресми жарияланғаннан кейін Алтай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК